

Мақсатты топтағы жұмыссыздарды жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 29 мамырдағы N 09/06 қаулысы. Қарағанды облысы Ұлытау ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 08 шілдеде N 8-16-46 тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 13 тармақшасын, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 4-5 тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы N 264 "Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңарту мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мақсатты топтағы жұмыссыздарды жұмыспен қамтуды ұйымдастыру үшін, қоса беріліп отырған әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынушы жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі бекітілсін.

2. Әлеуметтік жұмыс орындары мақсатты әлеуметтік топтар үшін ұйымдастырылады.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған тұлғаларға жергілікті бюджет есебінен айлық төлем 15 мың теңге көлемінде бекітілсін.

4. "Ұлытау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Ахметбеков А.М.) мақсатты топтағы жұмыссыздарды жұмыспен қамту үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру тапсырылсын.

5. "Ұлытау ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Шайхин Т.З.) 2009 жылға арналған аудандық бюджетте қарастырылған қаржылардан және облыстық бюджеттің нысаналы трансферттерінен әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілген мақсатты топтағы жұмыссыздардың еңбек ақысын қаржыландыруын қамтамасыз ету тапсырылсын.

6. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Ә.Т. Әбдікеревке жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі әрі 2009 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданыста болады.

Аудан әкімі

Ж.Ә. Дәрібаев

Мақсатты топтағы жұмыссыздарды жұмыспен қамтуды ұйымдастыру үшін, әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынушы жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі

1. Жұмыс беруші уәкілетті орган "Ұлытау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – уәкілетті орган) әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға сұраныс береді.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынушы жұмыс берушілерді іріктеу кезінде уәкілетті орган төмендегі талаптарды ескеруі тиіс: мекеменің төлем төлеуге қабілеттілігін, айлық жалақының уақытылы төленуін, жұмыс орнының қауіпсіздігі ережелеріне сәйкестігін, мекемеде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің талаптарының сақталуын етеді.

3. Жұмыс беруші уәкілетті органмен әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру үшін келісім-шартқа отырады. Келісім-шартта жақтардың міндеттері, жұмыстың түрлері мен көлемдері, айлық жалақының көлемі мен шарттары, әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көздері мен уақыты, жіберілетін жұмыссыздар көрсетіледі. Жұмыс уақытша сипатта болады, оның ұйымдастырылуына тұрақты бос жұмыс орындары қолданылмайды.

4. Уәкілетті орган мақсатты топтағы жұмыссыздарға, әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа тұру үшін жолдама береді.

5. Жұмыс беруші жіберілген жұмыссызды әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа қабылдайды, келісім-шартқа отырады, қауіпсіздік ережелеріне сәйкес келетін жұмыс орындарын ұсынады. Әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыссыздарды жұмыспен қамту мерзімі 6 (алты) айға дейін рұқсат етіледі.

6. Жұмыс беруші жалақы төлеу шығындарының орнын толтыру үшін әр айдың 20-шы жұлдызына дейін уәкілетті органға белгіленген тәртіпке сәйкес мына мәліметтерді: жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтан үзінді, жұмыс уақыты табелі, әлеуметтік жұмысқа қабылданған жұмыскерлер жөніндегі есепті, орындалған жұмыс актісін жолдап отырады.

7. Мақсатты топтағы жұмыссыздарды жұмыспен қамтуды ұйымдастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынушы жұмыс берушілерді іріктеу туралы осы тәртібінің орындалысына бақылау жасау уәкілетті органға жүктеледі.